

## БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ

\*Жолдасбеков А.А.<sup>1</sup>, Жолдасбекова Д.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университеті, Шымкент, Қазақстан  
e-mail: abeke56@mail.ru

<sup>2</sup>докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан  
e-mail: zholdasbekova-d@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастыруды технологиялық түрғыда қамтамасыздандыру мәселесі қарастырылады. Әсіресе мұнда олардың маңызды кәсіби құзыреттіліктерді өз бетінше жүзеге асыруға дайын болуын, тьюторлық қызметке, ерекше күтімді қажет ететін балаларды қолдауда отандық және шетелдік әдістемелік тәжірибені жүйелеуге, жалпылауға және таратуға дайын болуына көңіл бөлінеді.

Жасалған талдаулар болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастыруды технологиялық қамтамасыз ету мәселесі педагогикалық білім беруді арттырудың заманауи кезеңінде оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – болашақ маманды даярлау сапасы идеяларын жүзеге асырудың шешуші факторы болып табылатындығын көрсетеді. Дегенмен, арнайы педагогтарды даярлау мәселелерінде, нақтырақ айтқанда, оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және оны ғылыми негіздеу қазіргі кезде ғалым-зерттеушілер назарынан тыс қалып отыр. Оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әртүрлі білім беру бағдарламаларына сәйкес, студенттердің іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтиды. Сонымен, оқу сапасын оқу-әдістемелік түрғыда қамтамасыздандыру жұмысын ғылыми негізге сүйене отырып жүзеге асыру, әзірленген оқу-әдістемелік құжаттаманың сапасын бағалаудың нақты өлшемдері мен тетіктерін құрастыру қажеттіліктері байқалады. Мақалада арнайы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі жүйесінде негізделген арнайы педагогтың жеке қасиеттеріне көп көңіл бөлінеді. Жүргізілген эмпирикалық зерттеулер негізінде авторлар болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастыруды технологиялық түрғыда қамтамасыздандыруға ерекше мән берілуі керектігін тұжырымдайды. Зерттеу мақсатымыз болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастыруды технологиялық түрғыда қамтамасыздандыруды теориялық негіздеу және жаңа технологиялары мен әдістерін ұсыну.

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастыру олардың кәсіби – педагогикалық іс әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай ерекше күтімді қажет ететін балалармен жұмыс істеудегі құзіреттілігін арттыра түседі.

**Тірек сөздер:** арнайы педагогтар, студенттер, кәсіби іс-әрекет, кәсіби іс-әрекетін жетілдіру, дайындығын қалыптастыру, технологиялық қамтамасыз ету, әдістеме, мамандық

### Негізгі ережелер

Зерттеу проблемасын шешуде болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастырудың теориялық іргелі заманауи зерттеулерінің нәтижелерімен зерттеудің жүйелі іске асырылуының

логикалық бірізділігі басшылыққа алынды. Бұл мамандық студенттерінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастыруды технологиялық қамтамасыз етуді мақсат еттік. Әдістемелік және оны қолдану технологиясы туралы болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастыру мәселесінде ерекше көңіл бөлетін мәселелер көбейіп келеді.

### **Кіріспе**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында «кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттаған дұрыс, себебі болашақ жастарымыз терең білімді болуы үшін кез келген істі жүзеге асыра алатындай кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет» деген қорытынды жасады [1].

Кейінгі жылдары педагогтардың кәсіби сапасын арттыру және кәсіби жетілдіру бағытында оң үдерістер орын алып отыр. Себебі заманауи қоғамға теориялық және практикалық дайындығы бар, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын меңгерген сапалы педагог қажет. Көптеген мамандықтардың ішінде педагог мамандығы - «адам-адам» жүйесі бойынша әрекет ететін мамандық екендігі анық. Сапалы педагог - еліміздің келешегі, демек, болашақ мамандарға білім беретін педагогтардың бейнесі осы айтылған талаптарға сай болуы қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамасы халықаралық құжаттарға сәйкес барлық тұлға сапалы білім алуға тең құқылы қағидатын ұстанады. Оған Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының заңдары кепіл болады [2].

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби қызметке дайындығын жетілдіру мәселесін ЖОО-дарында түрлі әдістерді, технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыру тұрғысында ғалымдар З.А.Мовкебаева [3], Ж.И.Намазбаева[4], А.А. Айдарбекова [5], А. Айтбаева [6] зерттеулер жүргізген.

Зерттеу барысында зерттеудің негізі болып табылатын ЖОО-да арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын қарастырамыз. Әдістеме, техника, технология сөздеріне түсініктеме беру қажеттілігі ескеріледі. Зерттеу әдістері мен тәсілдерін таңдау –зерттеушінің өз еркіндегі нәрсе емес, ол –жұмыстың тақырыбына және алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне қарай айқындалатын нәрсе. Техника - қызметтерді іске асырудың нақтыланған тәсілі. Ал, технология белгілі бір іс-әрекеттің тәсілдерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Яғни біз қарастырып жатқан мәселені жүзеге асырудың нақтыланған тәсілі болып табылады.

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби қызметке дайындығын жетілдірудің заманауи әдістері мен оны жүзеге асыратын технологиялардың

концепциясының болмауы және осы зерттеу бойынша тұжырымдамалық теориялардың жеткіліксіздігі, оның тиімді дайындық қажеттіліктерін жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Бұл, біздің *зерттеуіміздің проблемасы*, яғни болашақ арнайы педагогтардың кәсіби дайындығын денсаулығында ауытқушылығы бар балалармен жұмыс мазмұнын ескере отырып технологияларды қолданып жетілдіре түссе ЖОО-дағы білім беру саласына нәтижелі түрде қол жеткізіледі.

### **Материалдар және әдістер**

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге дайындығын қалыптастырудың ерекшеліктеріне арналған ғалымдардың зерттеулерін ерекше айтып өтуге болады. Осы орайда айта кететін жайт, шетелде инклюзивтік мәселелері бойынша зерттеулер белсенді жүргізіліп жатқанын, арнайы педагогтарды дайындау, оларды кәсіптік даярлау, кісіби даярлығын жетілдіру бойынша Хрис Форлин мен Диан Чамбрестің еңбектерінде жеткілікті зерделенген [7].

Арнайы педагогтарды даярлаудағы шетелдік және отандық көптеген ғалымдардың әртүрлі тәсілдерін талдай отырып, білім берудегі арнайы педагогтың көп функциялы іс-әрекетке дайын болуы керектігін, сонымен қатар көп деңгейлі оқыту технологияларын меңгеру қажеттігі мен түрлі деңгейдегі мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жеке және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіруі қажеттігін білдік. Болашақ арнайы педагогтарды дайындау барысында маңызды кәсіби құзыреттіліктер мен ғылым саласындағы ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруға дайын болуын, арнайы педагогтардың тьюторлық қызметке, балаларды қолдауда отандық және шетелдік әдістемелік тәжірибені жүйелеуге, жалпылауға және таратуға дайын болуы, білім беру ортасының педагогикалық жобалау және жеке білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға дайындықтарын қалыптастыру керек екендігін дәлелдей түстік.

Педагогикалық білім беруді арттыру бойынша жасалған талдаулар заманауи кезеңнің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі – болашақ маманды даярлау сапасы идеяларын жүзеге асырудың шешуші факторы болып табылатындығын көрсетеді. Алайда, белгілі зерттеулердің болуына қарамастан, арнайы педагогтарды даярлау мәселелерінде, нақтырақ айтқанда, оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу, технологиялық қамтамасыз ету және оны ғылыми негіздеу ғалым-зерттеушілер назарынан тыс қалып отыр.

Оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әртүрлі білім беру бағдарламаларына сәйкес, студенттердің іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтиды. Сонымен, оқу сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын ғылыми негізге сүйене отырып жүзеге асыру, әзірленген оқу-әдістемелік құжаттаманың сапасын бағалаудың нақты өлшемдері мен тетіктерін құрастыру қажеттіліктері байқалады.

Қазақстандық жетекші зерттеушілер еңбектерінде білім беру сапасын қамтамасыз ету үдерісінің мәнін ашып көрсетеді. Ал А.Қ. Құсайынов өз зерттеуінде білім беру деңгейі – мемлекет пен қоғамның экономикалық дамуының басты негізі екенін зерделейді. Сондықтан халықаралық талаптарға сәйкес білім беру сапасын арттыру жалпыұлттық маңызы бар міндет болып табылады. Кәсіби-әдістемелік даярлықта қолданылатын әдістемелік қызметтегі жаңашылдық деңгейі міндеттер нысаны мен мазмұны жағынан әртүрлі, оларды оқыту функцияларына, студенттің әдістемелік дайындығының деңгейіне, танымдық іс-әрекет кезеңдері, кәсіптік-әдістемелік даярлық бөлімдері, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешеннің ерекшеліктеріне қарай бөлуі дұрыс. Кәсіби және әдістемелік мәселелерді шешу барысында алынған өзінің әдістемелік шеберлігі, қателері мен қиындықтары туралы идея жаңадан келген арнайы педагогтың кәсіби және әдістемелік дайындығын оңтайландырудың негізі болып табылады [8].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде арнайы педагогтың кәсіптік-әдістемелік дайындығы әдетте болашақ мұғалімдерде оқу-тәрбие процесін жобалау мен жүзеге асыру мүмкіндігін беретін белгілі бір білім, білік, дағдыларды қалыптастыру процесі ретінде қарастырылады. Болашақ арнайы педагог маманның кәсіби-педагогикалық даярлығының теориялық негіздерін талдау, кәсіби-әдістемелік даярлығы жүйесіне жаңа типті, белгілі бір әдістемелік білім мен дағдымен қатар шығармашылық әлеуеті, өзін-өзі тәрбиелеуге және кәсіби өзін-өзі жетілдіруге дайындығы бар арнайы педагог қалыптастыруға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізу қажет [9].

Зерттеуде ЖОО-дағы оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері, оларды қолдану технологиясы және практикалық тәжірибені қорыту негізінде болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудің нақты жолдары талап етілетініне көз жеткіздік.

### **Нәтижелер және талқылау**

Зерттеу барысында алғаш анықтау эксперименті жүргізіліп, мақсат болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру жолында ЖОО-да қолданылатын әдістер мен оны жүзеге асыру технологиясының алғашқы жағдайын анықтау болды. Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер орындалды:

- 1) «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша оқитын студенттердің кәсіби даярлығын жетілдірудің барысын талқылау.
- 2) ЖОО-дағы «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша оқитын студенттердің ерекшеліктеріне байланысты оларды оқыту кезінде қолданылатын технологиялар туралы мәліметтер жинау.
- 3) «Арнайы педагогика» бВ019– білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау.

Мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүргізілген эксперименттік зерттеу келесі кезеңдерді қамтыды:

1. Білім беруде арнайы педагогтардың жұмыс істеуге дайындық деңгейін анықтау шарттары.

## 2. Зерттеу нәтижелерінің сандық және сапалық талдауы.

Осы аталған міндеттерді іске асыру үшін сауалнаманың қажетті сұрақтары таңдалды және толықтырылды, сұхбатқа да сауалнама дайындалды. Анықтау экспериментінің нәтижелері бойынша студенттерге болашақ арнайы мұғалім ретінде қандай сұрақтарға назар аудару керектігі айқындалды.

Эксперимент диагностикасының нәтижелері педагогикалық білім беру технологиясының қажеттілігін, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту процесіне арнайы дайындықты жетілдіру қажет екендігін көрсетті.

Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңі біздің тікелей жетекшілігімізбен және оқу процесінің барысын бұзбай, белсенді қатысумен өткізілді. Сараптамалық топтың қызметі эксперименттің осы кезеңінің нәтижелерін объективті бағалауға ықпал етті.

Жұмыста болашақ педагог-дефектологтардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру үлгісін жүзеге асыру тұрғысынан іргелі ретінде жүйелі, тұлғалық-бағдарлы және белсенділік тәсілдерін пайдаландық. Қалыптастырушы кезең процесінде арнайы әдістемелік негізінде өткізілген ЭТ студенттерінің өндірістік тәжірибесіне ерекше мән берілді, әртүрлі типтегі (түзету) оқу орындары шеңберінде студенттердің осы іс-әрекет түрін ұйымдастыруының арқасында коррекциялық-педагогикалық процестің субъектілерімен өзара әрекеттесу, педагогикалық тәжірибе, арнайы білім мен дағдылар игерілді.

Эксперименттік топ студенттері арасында кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруды жүзеге асыру кезінде біз нормативтік актілер, оқу-әдістемелік кешен, компьютерлік және техникалық құралдар, сондай-ақ шетелдік және отандық ғылыми-техникалық білім берудің озық жетістіктері сияқты оқу процесін ұйымдастыру құралдарын пайдаландық.

Студенттердің іс-әрекетін ұйымдастырудың тақырыптық ғылыми-практикалық семинарлар, студенттердің ғылыми конференциялары сияқты түрі кеңінен қолданылды. Студенттер курстық жұмыстар мен дипломдық жұмыс жазу процесінде конференцияларға дайындалды. Бұл өз кезегінде студенттерге оқытылатын арнайы әдебиеттерді өз бетінше сыни тұрғыдан бағалауға, қалыптасу тарихын талдауға және шетелдегі арнайы білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы мен заманауи өзекті мәселелерге өз көзқарасын анық білдіріп, дәлелді түрде нәтиже шығару, ойлаудың теориялық деңгейінің артуына ықпал етті.

Бұл бағытта түлектердің алдағы кәсіби қызметке практикалық дайындық деңгейін арттыру мақсатында кафедра оқытушылары теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеруге бақылаудың мынадай әдістерін әзірлеп, қолданды, мысалы:

- терминдер бойынша блиц-сұрақтар (негізгі ұғымдар тізімі оқу пәндері бойынша практикалық және зертханалық сабақтардың мазмұнында берілген);
- жеке оқу-әдістемелік пакеттер (әр пакетте оқытылатын пән бойынша тапсырмалар жинағы бар, оны студент курс барысында орындауы керек);

- педагогикалық жағдаятты талдау мен бағалауға байланысты проблемалық тапсырмаларды шешу (проблемалық тапсырмалар ерекшеліктермен анықталды).

Оқу пәні және зерттелетін тақырып бойынша студенттер белгілі бір жағдайдың шешімін іздеп, оның нәтижесін болжап, мұғалімнің іс-әрекетіне баға беріп, сонымен бірге дәріс материалдарын, өзіндік жұмысты орындауға арналған дәптерді, осы курстың оқулықтары мен сабақтас пәндерді кеңінен пайдаланды. Осылайша, студенттердің ғылыми-практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруға интегративті көзқарас жүзеге асырылды; оқыту курстарына арналған тест тапсырмалары (тест тапсырмаларының мазмұны ең алдымен студенттердің алған теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға, ұсынылған сұрақтарды сыни талдауға адекватты жауапты таңдауға бағытталған).

Және бір әдіс студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына бұл тұрғыда ерекше көңіл бөлу және медициналық, психологиялық-педагогикалық пәндер циклдерінде практикалық және зертханалық сабақтарды өткізудің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Негізгі пәндер бойынша студенттердің өздік жұмысы үшін тапсырмалар жүйесі ұсынылды.

Арнайы педагогика мамандығы студенттерінің ғылыми-тәжірибелік іс-әрекетінің мазмұны мен ұйымдастырылуы үздіксіз жаңартуды талап ететін көрсетті, бұл қазіргі заманғы арнайы білім беру жүйесінің осы бейіндегі мамандарды дайындауға барған сайын қатаң талаптардың болуымен байланысты [10].

Студенттердің кәсіби дайындығын арттырудың маңызды құралы – студенттердің оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу әрекеттерін біріктіру. Болашақ мамандарды кәсіби түрде қалыптастыру және маңызды қасиеттері осы процестердің органикалық тұтастығына қол жеткізілген жағдайда ғана жүзеге асады, сонымен қатар оқу қызметі зерттеушілік, ал ғылыми қызмет педагогикалық және кәсіптік бағытта болуы керек.

Сонымен қатар бірқатар себептерге байланысты студенттерді зертханалық сабақтар сияқты іс-әрекетке қосудың белгілі бір қиындықтары ескерілді:

- студенттердің теориялық білімдерін және пәнаралық байланыстарды практикада пайдалана алмауы;
- практикалық іс-әрекеттерде бақылаудың, талдаудың қалыптаспаған дағдылары;
- кәсіби қасиеттердің дамымаған көріністері.

Тәжірибелік және зертханалық сабақтарға материалды таңдауда біз әртүрлі критерийлерді қолдандық, олардың ішінде ең маңыздысы ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан ең маңызды және игерілуі қиын материалды таңдау болды. Оқыған курстар бойынша студенттердің алған білімдерін бекіту мақсатында сабақта аудио және бейне жазбалар кеңінен қолданылды. Кафедра оқытушылары студенттерді қала мен облыстың арнайы (түзету) мекемелерінің дамуы мен педагогикалық және медициналық қызметкерлердің қызмет ету тарихымен, оқушылар мен студенттер

контингентімен, жұмыс бағыттары мен ерекшеліктерімен таныстыратын көрнекі және әдістемелік материалдар дайындады. Бұл эксперименттік топ студенттерінің оқыған курстары бойынша білімдерін бекітуге, кәсіптік бағдарын қалыптастыруға ықпал етіп, танымдық белсенділіктерін күшейтті.

Медициналық, психологиялық-педагогикалық пәндер циклдерінде практикалық және зертханалық сабақтарды өткізудің ерекшелігі оқытылатын курстардың ерекшеліктерімен түсіндірілді, олар студент-дефектологтардың алдағы іс-шараларға практикалық дайындығын қалыптастыру, кәсіби құзыреттілігін кеңейту үшін ерекше маңызға ие [11]. Мысалы, медициналық пәндер бойынша практикалық және зертханалық сабақтарды өткізу кезінде оқытылатын курстардың педагогикалық бағыттылығы жаңартылады, бұл арнайы білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді және олар медициналық пәндерді оқу кезіндегі негізгі пәндер болып табылады.

Осылайша, студенттердің назары арнайы білім беру теориясы мен тәжірибесінің бірлігі мәселелеріне аударылады (атап айтқанда, норма мен патология құбылыстарының негізінде жатқан клиникалық-физиологиялық және психологиялық-педагогикалық заңдылықтарды анықтау кезінде, мысалы, сенсорлық функциялардың бұзылуын, сөйлеу немесе психикалық дамудағы ауытқулардың нақты формаларын ескере отырып, осы патологияны түзетуге бағытталған оқу-педагогикалық жұмыстың нақты әдістерін оқыту кезінде және т.б.), практикалық қызметті жүзеге асыру процесінде теориялық білімді қолдану қажеттілігі туындайды [12].

Соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесінде студенттердің проблемалық ғылыми-зерттеу топтары кең тарады. Олардың жұмыс істеуі студенттердің білім, білік, дағдыларын қалыптастыру деңгейіне барабар, сол себепті кешенді ғылыми зерттеулерге көшу үшін қолайлы жағдай жасау қажеттілігі туындап отыр [13].

Студенттердің оқу-ғылыми іс-әрекетін ұйымдастырудың аталған формасының өзіндік ерекшелігі олардың бірнеше жылдар бойы оқытушының ғылыми қызығушылығына жақын, бір мәселенің әртүрлі аспектілерін зерттеуінде. Төменгі курстарда бұл қызмет түрі аудиториядан тыс орындалады, ал жоғары курстарда ғылыми зерттеу нәтижелері курстық және бітіру біліктілік жұмыстары түрінде рәсімделеді. Заманауи жоғары білім беру жүйесі жағдайында болашақ мамандарды даярлаудың тиімділігін арттыру және дефектологтардың кәсіби маңызды сапаларын қалыптастырудың перспективті бағыты ретінде интеграциялық тәсіл жүзеге асырылуда [14].

Айта кету керек, оқу процесі университетте оқудың барлық кезеңінде студенттердің жүйелі дербес оқу және ғылыми-зерттеу қызметін барынша ынталандыратындай етіп құрылды.

Эксперименттік жұмыстың екінші кезеңі – *қалыптастыру эксперименті* 2021-2022 жылдары өткізілді. Екінші кезең мақсаты білім берудің ұсынылған әдістемелік жүйесінің тиімділігін тексеру.

Топтардың барлығында аралық және қорытынды бақылаулар бірдей тапсырмалар бойынша жүргізілді.

Біз болашақ арнайы мұғалімдерді даярлауда тәжірибелік дайындықты дамыту әдістемесінің тиімділігін кезеңдермен тексеруден өткіздік. Осы себептен экспериментте төмендегідей міндеттер қойылды:

- тәжірибелік-эксперимент барысында алынған мәліметтерді талдау;
- осы материалдарды зерттеудің міндеті, мақсаты және болжамын салыстырмалы түрде тексеру;
- нәтижелерін статистикалық, математикалық өңдеу;

Экспериментке қатысатын топтар мен студенттердің саны белгіленді.

Ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі білім беру кезеңінде жүйелі тексеру арқылы жүргізілді. Олар: білім алушылардың жаңа әдістемелік жүйе бойынша оқытуға дейінгі және кейінгі білім деңгейін анықтау; білімдерін кәсіби жұмыста қолдану, дағдыларын меңгеру, мақсат қоя білуі; тақырып мазмұнына сай тапсырмалар құруы.

Эксперименттік және бақылау топтардың біреуінде оқу материалы дәстүрлі әдістеме негізінде, ал келесі топта оқу материалы авторлық оқу-әдістемелік құралдарды қолдану арқылы беріліп, авторлық әдістемелік жүйе бойынша сабақтар өткізілді.

Нәтижеде білім алушылардың болашақ кәсіби қызметін дамытуға дайындығын қалыптастыру деңгейінің эксперименттен кейін екі топта да көтерілгеніне көз жеткіздік.

Эксперименттік топтың бақылау қорытындыларын және бақылау тобының бастапқы және қорытынды бақылау нәтижелерімен салыстырдық (1-кесте).

Кесте 1 – Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби қызметін дамытуға дайындығын қалыптастырудың тәжірибелік жұмыстардан кейінгі деңгейінің өзгерісі (бастапқы және қорытынды бақылау (% есебімен)).


Топтар	Деңгейлер (% есебімен)							
	төмен		орта		жеткілікті		Жоғары	
	Бастапқы бақылау	Қорытынды бақылау	Бастапқы бақылау	Қорытынды бақылау	Бастапқы бақылау	Қорытынды бақылау	Бастапқы бақылау	Қорытынды бақылау
Эксперименттік топ 40 ст.	43,21	-	52,54	13,24	4,32	61,84	-	25,21
Бақылау тобы 42 ст.	44,63	34,31	50,52	52,11	4,81	12,23	-	1,43

Кестеден эксперименттік топта жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың оң нәтижесі және бақылау тобында аздаған өзгерістер бар екені байқалады.




Атап айтар болсақ, анықтау эксперименті барысында эксперимент тобындағы білім алушылардың 43,21 %-ы төменгі деңгейді көрсеткен болса, эксперимент соңында төмен деңгейлі білім алушылар болмады; жоғары деңгейді бастапқыда ешбір білім алушы көрсетпесе, эксперимент соңында жоғары деңгейлілер 25,21% ға жетті; жеткілікті деңгей алғашында білім алушылардың 4,32%-ын құраса, эксперимент соңында 61,84%-ға жетті; орта деңгей бастапқыда 52,54% болса, соңында 13,24% ға төмендеді.

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби қызметін жетілдіруге дайындығын қалыптастырудың (эксперименттің басы мен соңы) даму деңгейінің көрсеткіштерін 1 және 2 суреттерден көруге болады.



Сурет 1 – Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби қызметін жетілдіруге дайындығын қалыптастыру деңгейінің көрсеткіштері (экспериментке дейінгі)



Сурет 2 - Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби қызметін жетілдіруге дайындығын қалыптастыру деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттің соңы)

Бұл зерттеу жұмысы болашақ арнайы педагогтардың педагогикалық қызметке даярлығын жетілдіру деңгейінің эксперименттен кейін екі топта да жоғарлағанын көрсетеді, алайда өсу көрсеткіштерінде пайыздық айырмашылықтар бар екенін анықталды.

Эксперименттен кейін терең білім алу және болашақ мамандығында арнайы педагогикалық қызметін шыңдау үшін тәжірибелік дайындықты арттыру қажет деген жоғары деңгейді көрсеткен білім алушылар саны бақылау тобында 1,4% , және эксперимент тобында – 28,8% артты. Ал, төмен деңгей бақылау тобында 10,5%-ға, және эксперимент тобында – 34,2%-ға азайды. Сонымен қатар, экспериментке дейінгі бақылау тобы мен эксперимент топтарындағы пайыздық көрсеткіштердің айырмашылығы байқалмады. Эксперимент барысында зерттеу жұмысына қажетті арнайы әдістермен жұмыс істеу және тәжірибелік дайындықты жетілдіруге арналған тапсырмаларды орындау біліктерін бағалау арқылы анықталды.

### Қорытынды

Эксперимент нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарында білім алушылардың арнайы педагогикалық жұмысқа дайындық деңгейінің көрсеткіштері ары арай жетілдіру қажеттілігін көрсетті.

Арнайы педагогикалық қызметін қалыптасу деңгейлерінде эксперименттік топтың субъектілерінде қалыптастырушы эксперименттен кейін оң өзгерістер байқалды. Бұл зерттеу алгоритмінің сауатты құрылуымен және диагностикалық бағдарламаны сәтті таңдаумен байланысты. Әдістемелік материалдың мазмұнына дер кезінде өзгерістер енгізіліп, студенттердің іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері, құралдары мен формалары,

технологиялары таңдалды. Эксперименттік топта ұсынылған педагогикалық мәселелерді іске асырудың тиімділігін зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеу көрсетті. Бұл зерттеу болашақ арнайы педагогтардың кәсіби қызметін арттыруға дайындығын қалыптастыру мәселесін толық шешуді талап етпейді және оны шешудің жалғыз нұсқасы болып есептеледі.

Зерттеу құндылығы: зерттеу нәтижелері арнайы педагогикалық қызметін ұйымдастыру және арнайы кадр дайындауға байланысты түсінік беруге мүмкіндік туындатады, арнайы педагогикалық қызметін қалыптастырудың педагогикалық механизмдері мен ерекшеліктерін зерттеумен және эксперименталды деректермен ерекшеленеді. Зерттеудің өзектілігі осылайша нақтыланды. Жинақталған практикалық және теориялық материалдар бұл мәселені әлі де жетілдіруді талап ететіндігін дәлелдей түсті.

### ӘДЕБИЕТ

[1] «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек - Кіру режимі: [/http://memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek.html](http://memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek.html) [Қаралған күні 14.09.2023].

[2] Закон Республики Казахстан от 11 июля 2002 года № 343 «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». – Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=2032168](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=2032168) [Дата обращения: 27.05.2021].

[3] Мовкебаева З.А. Современные подходы в подготовке учителей-дефектологов в РК [Текст] //Вестник КазНПУ им. Абая (Сер. «Специальная педагогика»). - 2014. - № 4(39). - С. 4-7.

[4] Намазбаева Ж.И. Развитие личности в процессе психологизации современного образования: монография. - Алматы: Ұлағат КазНПУ им.Абая, 2013.

[5] Айдарбекова А.А. «Актуальные проблемы специального образования в связи с переходом общеобразовательных школ на 12-летнее обучение» //Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казакстан «О Социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». - Алматы, 2005. - С. 15-19.

[6] Абаева Г.А.Коррекционная работа в школе для детей с нарушениями зрения. - Караганда, 2019

[7] Chris Forlin and Diane Chambers. Preparing teachers for inclusive education: increased knowledge, but concern. // Asia Pacific Journal of Teacher Education. – 2011. – №39 (1).

[8] Сергеева А.И. Инклюзивно ориентированная подготовка учителей логопедов в вузе. //Научно-педагогическое обозрение (Pedagogical Review). – 2017. – № 2. – С. 70-78.

[9] Мовкебаева З.А. Формирование профессиональных компетенций у специальных педагогов в условиях модернизации системы специального образования //Вестник КазНПУ имени Абая (Серия «Специальная педагогика»). - 2015. - № 3 (42). - С. 10-13.

[10] Дюсенбаева Б. А. Подготовка специального педагога к работе в условиях инклюзивного образования: филос. докт. PhD ... дис. – Алматы, 2022. – 38 с.

[11] Хамитова Д.С. «Педагогические условия организации дистанционного обучения студентов с инвалидностью в вузе». 6D010500: док. PhD. ... дис. - Алматы, 2021.- 187 с.

[12] Дузелбаева А.Б. Подготовка будущих учителей дефектологов в условиях модернизации педагогического образования. //Педагогика и психология. – 2017 – №1 (30). – С. 140 - 145.

[13] Варенова Т.В. Подготовка студентов-дефектологов к коррекционно-развивающей деятельности в условиях полифункциональной интерактивной среды. – Коррекционно-развивающая работа с детьми в условиях полифункциональной интерактивной среды //Мат.международной научнопрактической конференции. Часть II. М.: ГОУ ВПО МГПУ, 2008. – С. 3–6.

[14] Мамонько О.В. Деятельность учителя-дефектолога по построению образовательной среды для дошкольников с интеллектуальной недостаточностью в условиях инклюзивного образования. //Социальнопедагогическая поддержка лиц с ограниченными возможностями здоровья: теория и практика: сб. ст. IV Междунар. науч.-практ. конф, 2020. - Режим доступа: URL: <http://elib.bspu.by/handle/doc/48791> [Дата обращения: 27.05.2023].

[15] Zulfiya A. Movkebayeva, Indira A. Oralkanova, Bagdat M. Mazhinov, Aitolkyn B. Beisenova, Oksana G. Belenko Model of Formation for Readiness to Work within Inclusive Education in Teachers. //International journal of environmental & science education. – 2016. – vol. 11. – p. 4680-4689.

## REFERENCES

[1] «Jaña jaǵdaydaǵı Qazaqstan: is-qımıl kezeñi» Memleket bassısı Qasım-Jomart Toqaevtiñ Qazaqstan xalqına Joldawı 2020 jılǵı 1 qırkúyek ("Kazakhstan in a new situation: the period of action" Address of the Head of State Kassym-Zhomart Tokaev to the people of Kazakhstan September 1, 2020) - Kirw rejimi: <http://memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek.html> [Qaralǵan kúni 14.09.2023]. [in Kaz]

[2] Zakon Respwbliki Kazaxstan ot 11 iyulya 2002 goda № 343 «O socialnoy i mediko-pedagogičeskoj korrekcionnoj podderjke detey s ogranichenimimi vozmojnostyami» (Law of the Republic of Kazakhstan dated July 11, 2002 No. 343 "On social and medical-pedagogical correctional support for children with disabilities"). – Rejım dostwpa: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=2032168](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=2032168) [Data obraşçeniya: 27.05.2021]. [in Rus.]

[3] Movkebaeva Z.A. Sovremennije podxodı v podgotovke wçiteley-defektologov v RK (Contemporary approaches to the training of special education teachers in RK) //Vestnik KazNPW im. Abaya (Ser. «Specialnaya pedagogika»). - 2014. - № 4(39). - S. 4-7. [in Rus.]

[4] Namazbaeva J.İ. Razvitie ličnostı v processe psixologizacii sovremennogo obrazovaniya: monografiya (Personality development in the process of psychologization of modern education: monograph). - Almatı: Ulaǵat KazNPW im.Abaya, 2013. [in Rus.]

[5] Aydarbekova A.A. «Aktwalnie problemı specialnogo obrazovaniya v svyazi s perexodom obşçeobrazovatelnix şkol na 12-letnee obwçeniye» (Actual problems of special education in connection with the transition of general education schools to 12-year education) //Problemı obwçeniya i vospitaniya lic s osobimi obrazovatelnimi potrebnostyami v svete realizacii Zakona Respwbliki Kazakstan «O Socialnoy i mediko-pedagogičeskoj korrekcionnoj podderjke detey s ogranichenimimi vomojnostyami». - Almatı, 2005. - S. 15-19. [in Rus.]

[6] Abaeva G.A.Korrekcionnaya rabota v škole dlya detey s narwşeniyamı zreniya (Correctional work at school for children with visual impairment). - Karaganda, 2019 [in Rus.]

[7] Chris Forlin and Diane Chambers. Preparing teachers for inclusive education: increased knowledge, but concern (Chris Forlin and Diane Chambers. Preparing teachers for inclusive education: increased knowledge, but concern). //Asia Pacific Journal of Teacher Education. – 2011. – №39 (1). [in Rus.]

[8] Sergeeva A.İ. İnklyuzivno oriєntirovannaya podgotovka wçiteley logopedov v vwze (Inclusively oriented training of teachers of speech therapists in the university). //Nawçno-pedagogičeskoe obozrenie (Pedagogical Review). – 2017. – № 2. – S. 70-78. [in Rus.]

[9] Movkebaeva Z.A. Formirovanie professionalnix kompetency w specialnix pedagogov v wsloviyax modernizacii sistemi specialnogo obrazovaniya (Formation of professional competences of special educators in the conditions of modernization of the special education system) //Vestnik KazNPW imeni Abaya (Seriya «Specialnaya pedagogika»). - 2015. - № 3 (42). - S. 10-13. [in Rus.]

[10] Dyusenbaeva B. A. Podgotovka specialnogo pedagoga k rabote v wsloviyax inkluzivnogo obrazovaniya: filos. dokt. PhD ... dis (Preparation of a special teacher to work in the conditions of inclusive education: philosophy). – Almaty, 2022. – 38 s. [in Rus.]

[11] Xamitova D.S. «Pedagogičeskje wsloviya organizacii distancionnogo obwçeniya stwdentov s invalidnostyu v vwze» (Pedagogical conditions of the organization of remote education of students with disabilities in the university). 6D010500: dok. PhD. ... dis. - Almaty, 2021.-187 s. [in Rus.]

[12] Dwzelbaeva A.B. Podgotovka bwdwşçix wçiteley defektologov v wsloviyax modernizacii pedagogičeskogo obrazovaniya (Preparation of future teachers of defectologists in the context of modernization of pedagogical education). //Pedagogika i psixologiya. – 2017 – №1 (30). – S. 140 - 145. [in Rus.]

[13] Varenova T.V. Podgotovka stwdentov-defektologov k korrekcionno– razvivayuşçey deyatelnoŝti v wsloviyax polifwnkcionnoy interaktivnoy sredi (Preparation of special education students for corrective and developmental activities in the conditions of a multifunctional interactive environment). – Korrekcionno-razvivayuşçaya rabota s detmi v wsloviyax polifwnkcionnoy interaktivnoy sredi //Mat.mejdwnarodnoy nawçnopraktičeskoy konferencii. Çast II. M.: GOW VPO MGPW, 2008. – S. 3–6. [in Rus.]

[14] Mamonko O.V. Deyatelnost wçitelya-defektologa po postroeniyu obrazovatelnoy sredi dlya doşkolnikov s intellektwalnoy nedostatoçnostyu v wsloviyax inkluzivnogo obrazovaniya (The activity of a defectologist teacher in building an educational environment for preschoolers with intellectual disabilities in the conditions of inclusive education). //Socialnopedagogičeskaya podderjka lic s ograniçennimi vozmojnostyami zdorovya: teoriya i praktika: sb. st. IV Mejdwnar. nawç.-prakt. konf, 2020. - Rejim dostwpa: URL: <http://elib.bspu.by/handle/doc/48791> [Data obraşçeniya: 27.05.2023]. [in Rus.]

[15] Zulfiya A. Movkebayeva, Indira A. Oralkanova, Bagdat M. Mazhinov, Aitolkyn B. Beisenova, Oksana G. Belenko Model of Formation for Readiness to Work within Inclusive Education in Teachers. //International journal of environmental & science education. – 2016. – vol. 11. – p. 4680-4689.

## **ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ**

\*Жолдасбеков А.А.<sup>1</sup>, Жолдасбекова Д.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>д.п.н., профессор, ЮКУ имени М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
e-mail: abeke56@mail.ru

<sup>2</sup>докторант, КазНПУ имени Абая, Алматы, Қазақстан  
e-mail: zholdasbekova-d@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос технологического обеспечения готовности будущих специальных педагогов к совершенствованию своей профессиональной деятельности. Особое внимание здесь уделяется их готовности к самостоятельной реализации важных профессиональных компетенций, тьюторской работе, систематизации, обобщению и распространению отечественного и зарубежного методического опыта сопровождения детей, нуждающихся в особой заботе.

Проведенный анализ показывает, что вопрос технологического обеспечения подготовки будущих специалистов-педагогов к совершенствованию своей

профессиональной деятельности является решающим фактором реализации представлений о качестве подготовки будущих специалистов в современный период педагогического образования. Однако в вопросах подготовки специальных педагогов, а именно разработки учебно-методического обеспечения качества преподавания и его научного обоснования, в настоящее время остаются вне внимания ученых и исследователей. Учебно-методическое обеспечение учебного процесса включает все виды деятельности студентов в соответствии с различными образовательными программами. Таким образом, возникает необходимость реализации работы учебно-методического обеспечения качества образования на научной основе, формулирования конкретных мер и механизмов оценки качества разрабатываемой учебно-методической документации. В статье большое внимание уделяется личностным качествам специального педагога исходя из системы современного этапа развития специального образования. На основании проведенного эмпирического исследования авторы приходят к выводу, что особое внимание следует уделить технологическому обеспечению формирования готовности будущих специальных педагогов к совершенствованию своей профессиональной деятельности. Цель нашего исследования - теоретическое обеспечение формирования готовности будущих специальных педагогов к совершенствованию своей профессиональной деятельности и предложению новых технологий и методов.

Формирование готовности будущих специальных педагогов к совершенствованию своей профессиональной деятельности позволит повысить их компетентность в работе с детьми, нуждающимися в особой заботе в соответствии с особенностями их профессионально-педагогической деятельности.

**Ключевые слова:** специальные педагоги, студенты, профессиональная деятельность, совершенствование профессиональной деятельности, подготовка, технологическое обеспечение, методика, специальность

## **TECHNOLOGICAL SUPPORT FOR IMPROVING THE PROFESSIONAL ACTIVITIES OF FUTURE SPECIAL TEACHERS**

\*Zholdasbekov A.A.<sup>1</sup>, Zholdasbekova D.A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>d.p.s., professor, SKU named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan  
e-mail: [abeke56@mail.ru](mailto:abeke56@mail.ru)

<sup>2</sup>doctoral student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [zholdasbekova-d@mail.ru](mailto:zholdasbekova-d@mail.ru)

**Abstract.** The article deals with the issue of technological support for the readiness of future special teachers to improve their professional activities. Particular attention is paid here to their readiness for the independent implementation of important professional competencies, tutor work, systematization, generalization and dissemination of domestic and foreign methodological experience in accompanying children in need of special care.

The analysis shows that the issue of technological support for the training of future specialist teachers to improve their professional activities is a decisive factor in the implementation of ideas about the quality of training of future specialists in the modern period of pedagogical education. However, issues of training special teachers, namely the development of educational and methodological support for the quality of teaching and its scientific justification, currently remain outside the attention of scientists and researchers. Educational and methodological support of the educational process includes all types of students' activities in accordance with various educational programs. Thus, there is a need to implement the work of educational and methodological support for the quality of education on a scientific basis, formulating specific measures and mechanisms for assessing the quality of the developed educational and methodological documentation. In the article, much attention is paid to the personal qualities of a

special teacher based on the system of the modern stage of development of special education. On the basis of the conducted empirical research, the authors come to the conclusion that special attention should be paid to the technological support for the formation of the readiness of future special teachers to improve their professional activities. The purpose of our study is the theoretical support for the formation of the readiness of future special teachers to improve their professional activities and offer new technologies and methods.

Forming the readiness of future special teachers to improve their professional activities will increase their competence in working with children in need of special care in accordance with the characteristics of their professional and pedagogical activities.

**Key words:** special teachers, students, professional activity, improvement of professional activity, training, technological support, methodology, specialty

*Статья поступила 14.07.2023*